

Зайсан қаласындағы Ю. Гагарин атындағы көшенің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 мамырдағы N 21-3 шешімі, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 мамырдағы № 1300 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 28 маусымда N 5-11-117 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12-бабының 5-1)-тармақшасына, ономастикалық комиссияның 2010 жылғы 25 мамырдағы № 1 қорытындысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Зайсан қаласындағы «Ю. Гагарин» атындағы көше «Нұрлан Мәукенұлы» атындағы көше деп атауы өзгертілсін.

2. Көшенің атауын өзгертуге байланысты тиісті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу Зайсан қала әкіміне міндеттелсін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ә. Мұхтарханов*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессия төрағасы *Б. Қошпанов*

Аудандық мәслихат хатшысы *Н. Бейсенов*